

ҚРҰБ Төрағасының «Әлеуметтік-экономикалық даму және 2021 жылғы қаңтар-мамырдағы республикалық бюджетті орындау қорытындылары туралы» ҚР Үкіметі отырысындағы баяндамасы
Нұр-Сұлтан қ., 2021 жылғы 10 маусым

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Құрметті әріптестер!

Әлемде жалғасып отырған вакцинация дамыған елдерде айтарлықтай фискалдық ынталандырумен бірге биылғы жылғы қаңтар-мамырда жаһандық экономикалық белсенділіктің өсуін қолдайды.

Әлемдегі эпидемиологиялық ахуалдың жақсаруы аясында көптеген елдердегі шектеулер біртіндеп жеңілдетілуде. Нәтижесінде биылғы жылғы мамырда **экономикалық белсенділіктің жаһандық индексі (*Global Composite PMI*) 15 жылдық ең жоғары көрсеткіш – 58,4** тармаққа жетті.

Индекске АҚШ, Ұлыбритания және Еуроодақ елдері ең көп үлес қосты. АҚШ-тағы өндіріс пен қызмет көрсету саласындағы іскерлік сенімнің мамырдағы индексі (PMI) бақылау тарихындағы **ең жоғары деңгейге** дейін өсіп, күткен деңгейден асып түсті.

Қызмет көрсету саласында, бөлшек саудада және тұтынушылар арасында ең жоғары өсумен Еуроодақтағы экономикалық ахуал биылғы жылғы мамырдағы **үш жылдық ең жоғары көрсеткішке** дейін жақсарды.

Сонымен қатар күрделі эпидемиологиялық ахуал жағдайында Үндістанда және Жапонияда экономикалық қызметтің төмендеуі байқалды. **Азияда** аурудың өсуін ескерсек, осы өңірде **пандемияның жаңа толқынының** туындау тәуекелі байқалады.

Қазақстандағы іскерлік белсенділік индексі шектеулерді жеңілдету және эпидемиологиялық ахуалдың жақсаруы аясында қалпына келуде. Биылғы жылғы мамырда іскерлік белсенділік индексі (ИБИ) қызмет көрсету секторында **50,7-ден 52,3-ке** дейін жеделдеуге

байланысты биылғы жылғы сәуірде **50,5-тен** ұлғайып, **51,1** тармақты құрады.

Елеулі фискалдық қолдау мен жұмсақ ақша-кредит шарттары аясында әлемдегі іскерлік белсенділіктің қалпына келуі тұтынушылар тарапынан сұраныстың өсуімен қатар жүреді. Нәтижесінде **АҚШ-тағы** жалпы инфляция биылғы жылғы сәуірде алдыңғы жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда **4,2%-ке** дейін өсті. **Ресейде** инфляция биылғы жылғы мамырда **2016 жылғы қазаннан бастап алғаш рет 6,0%-тен** асты.

Әлемдегі PMI нәтижесі өңдеу өнеркәсібіндегі жеткізу проблемаларының шиеленісе түскенін көрсетеді, соның нәтижесінде тауар нарықтарында қалыптасқан дефицитке байланысты шикізат бағасы рекордтық жоғары көрсеткішке жетті.

Біріккен Ұлттар Ұйымының ФАО деректеріне сәйкес биылғы жылғы мамырда азық-түліктің әлемдік бағасы **қатарынан 12 ай бойы** өсіп, он жылдан астам уақыт ішінде ең көп мөлшер – **127,1** тармаққа жетті.

Осылайша, іскерлік белсенділіктің жедел қалпына келуімен қатар **ауқымды фискалдық ынталандыру** ұсынысты қалпына келтіру қарқыны **өсіп келе жатқан сұранысқа ілесе алмайтын** жағдайды туындатуда, оның нәтижесінде **бағаға қысым күшеюде**.

АҚШ Федералды резервтік жүйесі мен Еуропа орталық банкінің күтулері бойынша бағаның күрт өсуі уақытша сипатқа ие. Сонымен қоса, АҚШ-тың Федералдық резервтік жүйесі осы жылғы маусымның басында қайталама нарықта корпоративтік облигацияларды сатып алуды биылғы жылдың соңына дейін тоқтатуды жоспарлап отырғаны туралы хабарлады. Англия мен Канаданың банктері де активтерді сатып алу көлемін төмендететіні туралы хабарлады.

Инфляциялық қысымның артуынан өсудің нақты көрсеткіштері барынша орнықты инфляцияға алып келуі мүмкін деген қауіп нарық қатысушыларында сақталып отыр, ол орталық банктерді **ынталандыру шараларын тоқтатуды бастауға** мәжбүрлейді.

Осы жағдайларда дамушы елдердің бірқатар орталық банктері ақша-кредит талаптарын күшейтуге көшіп үлгерді. Осы жылдың басынан бері Ресей Федерациясын, Түркияны, Бразилияны және басқа дамушы елдерді қоса алғанда, **14** орталық банк ставкаларын өсірді.

Биылғы жылдың басындағы шамалы тұрақтанудан кейін мамырда инфляциялық процестердің жылдық көрсету бойынша **7,2%-ке** дейін жеделдеуі байқалады. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен ақылы қызметтер бағасының айтарлықтай өсуі азық-түліктің құрамдас бөліктерінің дезинфляциясымен теңестірілді.

Азық-түлік инфляциясы нан-тоқаш өнімдерінің, еттің, жеміс-көкөніс өнімдерінің бағасы өсуінің баяулауы аясында **9,8%-тен 9,3%-ке** дейін бәсеңдеді. Дезинфляциялық процестерге қарамастан, жекелеген тауар нарықтарында бағаның өсу үрдісі сақталуда.

Киім-кешек пен аяқ киім бағасының **5,9%-ке** дейін, **бензин бағасының 12,7%-ке** дейін өсу қарқынына байланысты **азық-түлікке жатпайтын инфляция 6,4%-тен 6,7%-ке** дейін жеделдеді.

Карантиндік шектеулерді жеңілдету жағдайында жоғарылаған сұраныс аясында электр энергиясы тарифтерінің артуы мен жекелеген қызметтер бағасының өсуі аясында **ақылы қызметтер инфляциясы 4,1%-тен 5,1%-ке** дейін жеделдеді.

Бензин бағасының едәуір күрт өсуін, электр энергиясы бағасының өсуін, барынша күшті фискалдық ынталандыруды және жоғары инфляциялық күтулерді ескерсек, 2021 жылдың соңына қарай, біздің соңғы болжамдарға сәйкес, инфляция **нысаналы диапазоннан 0,4-0,5 пайыздық тармаққа жоғары** қалыптасуы мүмкін.

Сонымен бірге, 2022 жылы біз ішкі проинфляциялық факторлар әсерінің таусылуын және сыртқы инфляциялық қысымның әлсіреуін күтеміз. Нәтижесінде инфляция **бекітілген дәліз 4-6%-ке** кіреді.

Аталғанды ескеріп, **ағымдағы жылғы 7 маусымда** Ұлттық Банк базалық ставканы **9%** деңгейінде сақтауға шешім қабылдады. Проинфляциялық факторлар тарапынан тәуекелдер іске асқан жағдайда және болжамды бағалаулармен салыстырғанда барынша баяу дезинфляцияның орын алуы жағдайында Ұлттық Банк **ақша-кредит шарттарын қатаңдату** бойынша шешім қабылдайды.

Биылғы жылғы мамырда **мұнай бағасының қалыпты өсуі және салықтық төлемдер кезеңі** аясында **теңге бағамы** бір АҚШ доллары үшін **428,71** теңгеге дейін **0,1%-ке** нығайды.

Геосаяси жағдайдың жақсаруы және орталық банктің негізгі ставкасының өсуінен кейін Федералдық қарыз облигациялары кірістілігінің нақты ставкасының өсуі аясында Ресей рублінің бір АҚШ доллары үшін **73,4** рубльге дейін **2,4%-ке** нығайғаны байқалды.

Сонымен қатар, биылғы жылғы мамырда мемлекеттік бағалы қағаздарға, оның ішінде Ұлттық Банктің ноттарына шетелдік инвестициялардың әкелінуі қайта жанданды, олар бір айда **99 млрд.** теңгеге өсті.

Жергілікті оң факторларға қарамастан, дамыған елдердегі ақша-кредит талаптарының өзгеруі дамушы нарықтар валюталарының, оның ішінде теңгенің динамикасына әсер етуді жалғастыруда.

Биылғы жылғы 9 маусымдағы жағдай бойынша теңгенің биржалық бағамы бір АҚШ доллары үшін **426,75** теңге деңгейінде қалыптасты.

Қаржы министрлігі ішкі нарықта белсенді түрде орналастыруды жалғастыруда. Мәселен, 2021 жылы өтеу мерзімі **1** жылдан **15** жылға дейінгі шамамен **1,9 трлн.** теңге сомасына, оның ішінде қысқа секторда **5** жылға дейін – **1 трлн.** теңгеге дейінгі сомаға мемлекеттік бағалы қағаздар шығару жоспарлануда.

Биылғы жылдың басынан бастап Қаржы министрлігі номиналы бойынша **974 млрд.** теңге сомасына мемлекеттік бағалы қағаздар орналастырды, олар бойынша сұраныс ұсыныстан **1,5 есе** асты, ал

нарықтың қатысу үлесі 2020 жылғы **32,7%-ке** қарағанда **92,9%-ті** құрады.

Бейрезиденттердің мемлекеттік бағалы қағаздардағы инвестицияларының үлесі 2020 жылдың басындағы **1 млрд.** теңгеден 2021 жылғы мамырдың соңындағы **288 млрд.** теңгеге дейін айтарлықтай өскенін атап өткен жөн.

Бейрезиденттердің мемлекеттік бағалы қағаздардағы портфельдік инвестицияларының көлемі және Ұлттық Банктің ноттары мамырда **801 млрд.** теңгеге немесе **1,87 млрд.** АҚШ долларына жетті, бұл биылғы жылдың басынан бастап 3 жылға дейінгі мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша қарыз алу ставкасының **44 базалық тармаққа** төмендеуіне алып келді.

Осылайша, мемлекеттік бағалы қағаздардың тартымды ставкалары аясында жергілікті инвесторлар қатысуының өсуі және бейрезиденттердің келуі тиімді кірістілік қисығын құруға ықпал ете отырып, теңгедегі активтердің тартымдылығын көрсетеді.

Ұлттық қор активтері биылғы жылғы мамырдың соңында бір айда **827 млн.** АҚШ долларына ұлғайып, **58,5 млрд.** АҚШ долларын құрады.

Биылғы жылғы мамырда **251 млрд.** теңгеге нысаналы және кепілдендірілген трансферттер бөлуді қамтамасыз ету үшін **553 млн.** АҚШ доллары сатылды.

Ұлттық қорға түсімдер **450 млрд.** теңге, оның ішінде шетел валютасында **720 млн.** АҚШ доллары немесе баламасында **308 млрд.** теңге болды.

Ұлттық қордың инвестициялық кірісі биылғы жылғы мамырда **661 млн.** АҚШ доллары немесе **1,15%** болды. Биылғы жылдың басынан бастап Ұлттық қордың инвестициялық кірісі негізінен акциялар нарығындағы өсудің жалғасуына, сондай-ақ облигациялар нарығындағы қалпына келуге және биылғы жылғы сәуір-мамырда алтын бағасының өсуіне байланысты **1,64 млрд.** АҚШ долларын немесе **2,84%-ті** құрады.

Алтынвалюта резервтері биылғы жылғы мамырдың аяғында бір айда **2,23 млрд.** АҚШ долларына ұлғайып, **36,45 млрд.** АҚШ долларын құрады.

Алтын портфелінің өсуі бағаның бір унция үшін **1769** АҚШ долларынан **1892** АҚШ долларына дейін **7%-ке** қалпына келуі аясында **1,92 млрд.** АҚШ долларын құрады. Биылғы жылғы маусымда алтын бағасы тұрақтанды.

Еркін конвертацияланатын валютадағы активтер биылғы жылғы мамырда **311 млн.** АҚШ долларына, оның ішінде Ұлттық Банктегі депозиттер мен шоттардағы қаражаттың **297 млн.** АҚШ долларына өсу есебінен ұлғайды.

Осылайша, жалпы халықаралық резервтер бір айда **3,1 млрд.** АҚШ долларына ұлғайып, биылғы жылғы мамырда **2016 жылдан бастап алғаш рет 95 млрд.** АҚШ долларын құрады.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері жыл басынан бастап **0,2 трлн.** теңгеге немесе халықтың қаражатты **мерзімінен бұрын** алуына байланысты мамырда **12,7 трлн.** теңгеге дейін **1,4%-ке** төмендеді. Салымшылар енгізген зейнетақы жарналарының көлемі **514,9 млрд.** теңгені, зейнетақы төлемдері – **114 млрд.** теңгені құрады.

Биылғы жылдың басынан бастап **есептелген** инвестициялық кіріс мөлшері **671,8 млрд.** теңге болды. Биылғы жылғы 5 айдың қорытындысы бойынша инфляция **3,5%** болған кезде **5,3%** мөлшеріндегі **кірістілік** қамтамасыз етілді.

Биылғы жылғы 31 мамырда салымшылардың зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алуы бойынша орындалған өтініштерінің саны **1,4 трлн.** теңге сомасына **308,5 мың** болды. Бұл ретте ай сайынғы алу көлемінің биылғы жылғы мамырда **179 млрд.** теңгеге дейін төмендеуі байқалды.

Тұрғын үй мәселелерін шешуге алынған жинақтардың **99,2%-і** жіберіледі. Өңірлер бойынша Маңғыстау облысының, Алматы және

Нұр-Сұлтан қалаларының үлесіне барлық алынған жинақтар көлемінің **57,3%-і** тиесілі.

Банк жүйесіндегі **депозиттер** жыл басынан бері **24,0 трлн. теңгеге** дейін **8,5%-ке**, оның ішінде **ұлттық валютада 9,0%-ке** немесе **15,1 трлн. теңгеге** дейін **1,2 трлн. теңгеге** жеке салымдар есебінен ұлғайды, шетел валютасында – **7,8%-ке** дейін **638,7 млрд. теңгеге** бизнес есебінен ұлғайды.

Нәтижесінде **депозиттерді долларландыру** деңгейі 2021 жылғы сәуірде **37%** деңгейінде қалыптасты.

2021 жылғы қаңтар-сәуірде **заңды тұлғалардың** салымдары **12,3 трлн. теңгеге** дейін **8,6%-ке**, жеке **тұлғалардың** салымдары **11,7 трлн. теңгеге** дейін **8,4%-ке** ұлғайды.

Кредиттік портфель осы жылдың басынан бастап **3,3%-ке** немесе **479 млрд. теңгеге** ұлғайып, биылғы жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша **15,1 трлн. теңгені** құрады. Кредиттердің жылдық өсуі **7,5%** болып, халықтың іскерлік белсенділігі мен кірістерінің қалпына келуі аясында қайта жандануда.

Осы жылдың басынан бастап **халықтың кредиттік портфелі 5,6%-ке** немесе **7,9 трлн. теңгеге** дейін **423,7 млрд. теңгеге** ұлғайды.

Бизнеске кредиттер ірі кәсіпкерлік субъектілері сұранысының өсуі аясында биылғы жылғы қаңтар-сәуірде **55,3 млрд. теңгеге** ұлғайды.

Бизнеске кредиттік ресурстардың құны өткен жылғы сәуірдегі **12,1%-пен** салыстырғанда биылғы жылғы сәуірде **11,6%-ке** төмендеді

Экономиканы қолдау үшін Мемлекет басшысының дағдарысқа қарсы бастамаларын іске асыру жалғасуда.

1. **«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы** бойынша биылғы жылғы 4 маусымдағы жағдай бойынша **1 трлн. теңгедегі** лимиттің **2/3** жуығы берілді.

2. **Кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасы** бойынша биылғы жылғы 4 маусымда

800 млрд. теңге лимит кезінде **900 млрд.** теңгеден астам ,оның ішінде бұрын берілген қарыздарды өтеуден түскен ақша есебінен **323 млрд.** теңге берілді.

3. «7-20-25» бағдарламасы бойынша биылғы жылғы 3 маусымда **734,5 млрд.** теңгеге **60 908 өтінім** түсті, оның ішінде **333,3 млрд** теңгеге **27 875 қарыз** берілді. Бұл **1 трлн.** теңгедегі лимиттің **1/3** бөлігі құрайды.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Ұлттық Банк ішкі және сыртқы нарықтардағы жағдайды мұқият бақылауды жалғастыруда, баға мен қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, сондай-ақ ұлттық экономиканы қалпына келтіру үшін қолайлы жағдайлар жасау үшін қажетті шаралар қабылдауға дайын.

Назарларыңызға рақмет!